

Павлодар педагогикалық колледжінің 3 курс студенттерінің «Жазғы педагогикалық практика» қорытындысы бойынша өткізілген конференция есебі

Мемлекеттік стандартқа сай Павлодар педагогикалық колледжінің 3 курс студенттері Павлодар қаласы мен облыстағы жалпы білім беретін мектептер, балабақшаларда, сонымен қатар, қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерьлерінде 2014 жылғы 26 мамыр - 21 маусым аралығында жазғы практикадан жалпы 345 студент өтті. Жазғы практика төмендегі мамандықтар бойынша өткізілді:

- «Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру»;
- «Бастауыш білім беру: бастауыш білім беру мұғалімі»;
- «Бастауыш білім беру: бастауыш мектепте шетел тілінің мұғалімі»;
- «Бастауыш білім беру: бастауыш мектепте информатика мұғалімі»;
- «Дене шынықтыру және спорт»;
- «Қазақ тілі және әдебиет».

Жазғы практиканың мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастырудағы білім алушылардың білік, дағдыларын қалыптастыру, жазғы кезеңде балалармен, жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыстарын өткізудегі білім алушылардың кәсіби-педагогикалық білім, біліктерін кеңейту.

Міндеттері:

- жазғы каникул кезеңінде уақытша құрылған балалар ұжымымен өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда білім алушылардың білік, дағдысын қалыптастыру және дамыту;
- әлеуметтік-педагогикалық қызметтің топтық, жеке әдістемесін және әртүрлі формаларын меңгеру;
- балалардың бос уақытын шығармашылықпен өткізу және оны ұйымдастыру технологияларын меңгеру;
- қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлердің жағдайында білім алушыларды тәрбие әдістері мен әдістемесіне үйрету;
- балалар мен жасөспірімдермен тәрбиелік жұмыстарын өткізуде шығармашылық және жауапкершілік қарым-қатынасты арттыру.

Жазғы практиканың қорытынды есебі ретінде 3 курс студенттеріне 2014 жылғы 29 қыркүйекте конференция ұйымдастырылды. Конференция барысында практикадан өткен барлық студенттер өз есептерін презентация түрінде көрсетті, сонымен қатар өз ұрандарын айтып өздерін таныстырды.

ББ-33, ББ-34 және ДТ-31 топтарының студенттері өздерінің Баянауыл ауданы Жасыбай көлінің жағасындағы «Қарлығаш» балалардың жазғы сауықтыру орталығында, сонымен қатар, Шалдай ауылының «Лесная сказка» балаларды сауықтыру орталығының базасында өткен жазғы практика бойынша есеп беріп, презентация көрсетті.

Топ болып өз өнерлерін көрсеткеннен кейін, студенттер ашық микрофон түрінде өз ойларын ашық білдірді. Конференция аяқталысымен

студенттер жаз бойы жинақтаған құжаттарын тапсырып, жаз бойы жинақтаған тәжірибелерімен бөлісті.